

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:
www.philips.com/welcome

DS8400/10

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1	Маңызды ақпарат	2
	Қауіпсіздік	2
	Сәйкестік	2
	Қоршаған ортаны күту	3
	Ескерту	3
2	Қондырмалы ойын-сауық жүйеңіз	4
	Кіріспе	4
	Қораптың құрамы	4
	Негізгі құрылғыны шолу	4
3	Жұмысты бастау	6
	Қашықтан басқару құралын дайындау	6
	Батареяны зарядтау	6
	Қосу	7
4	Ойнату	8
	iPod/iPhone/iPad құрылғысынан ойнату	8
	Bluetooth құрылғысынан ойнату	8
	Сыртқы құрылғыдан ойнату	9
	Дыбыс деңгейін реттеу	9
	Дыбысты өшіру	9
5	Өнім туралы ақпарат	10
	Ерекшеліктер	10
6	Ақаулықтарды жою	11
	Bluetooth құрылғысы туралы	11

1 Маңызды ақпарат

Қауіпсіздік

- Тек өндіруші көрсеткен қосымша/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Тек пайдаланушы нұсқаулығындағы тізімде берілген қуат көздерімен қолданыңыз.
- Өнімге сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- Өнімнің үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.
- Батареялар (батарея топтамасы немесе орнатылған батареялар) күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.
- Батарея дұрыс ауыстырылмаса жарылу қаупі болады. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.
- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.

Батареяларды жұтып қою қаупі бар!

- Өнімде немесе қашықтан басқару құралында жұтылып кетуі мүмкін түіме тәрізді батарея болады. Барлық жағдайда батареяны балалардан аулақ ұстаңыз! Жұтылған жағдайда батарея ауыр жарақатқа немесе өлімге себеп болуы мүмкін. Жұтылғаннан кейін екі сағат ішінде ішкі мүшелердің күйіп қалу қаупі бар.
- Батареяны жұтып қойды немесе денесінің басқа жеріне кіріп кетті деп күдіктенсеңіз, дереу дәрігерге қаралыңыз.
- Батареяны ауыстыру кезінде, барлық жаңа және ескі батареяларды

балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз. Батареяны ауыстырғаннан кейін, батарея бөлімінің жақсылап жабылғанын тексеріңіз.

- Егер батарея бөлімін жақсылап жабу мүмкін болмаса, өнімді қолданбаңыз. Балалардың қолы жетпейтін жерге қойып, өндірушіге хабарласыңыз.



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
- Құрылғыны қуат көзінен ажырату үшін қуат сымна, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.

Сәйкестік

CE 0890

Бұл өнім 1999/5/ЕС нұсқауының талабына сай. Еуропа Қауымдастығының сәйкестік туралы мәлімдемесінің көшірмесін «www.philips.com/support» торабында пайдаланушы нұсқаулығының PDF пішімді нұсқасынан көруге болады.



Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында орналасқан.

Қоршаған ортаны күту

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.

Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.



Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын

батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды. Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

Ішкі батареяны алу үшін өнімді әрдайым кәсіпқой маманға апарыңыз.

Ескерту



Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және мұндай белгілерді WOOX Innovations әрдайым лицензияға сәйкес пайдаланады.

Made for



iPod



iPhone



iPad

«Made for iPod», «Made for iPhone» және «Made for iPad» деген жазулар электрондық қосалқы құрал тиісінше iPod, iPhone немесе iPad құрылғысына жалғау үшін арнайы жасалғанын және әзірлеуші Apple өнімділік стандарттарына сәйкестігін сертификаттағанын білдіреді. Apple бұл құрылғының жұмысы немесе қауіпсіздік және құқықтық стандарттарға сәйкестігі үшін жауапты емес. Бұл қосалқы құралды iPod, iPhone, немесе iPad құрылғысымен пайдалану сымсыз жұмыс өнімділігіне әсер ететінін ескеріңіз.

iPod және iPhone — Apple Inc. корпорациясының АҚШ пен басқа елдерде тіркелген сауда белгісі. iPad — Apple Inc. корпорациясының сауда белгісі.

2 Қондырмалы ойын-сауық жүйеңіз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеніз.

Кіріспе


Бұл құрылғымен iPod/iPhone/iPad және басқа дыбыс құрылғыларындағы дыбыстарды тыңдауға болады.

Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.


- Негізгі бөлік
- Қашықтан басқару пульті
- 1 x AC адаптері
- 1 x AC қуат сымы
- 1 x айнымалы ток қуат сымы (UK)
- 1 x зарядтау негізі
- Қысқаша пайдаланушы нұсқаулығы
- Қауіпсіздік және ескерту парағы

Негізгі құрылғыны шолу



- ① **Bluetooth**
 - Bluetooth режимін таңдау
 - Bluetooth құрылғысымен жұптаңыз.
- ② **iPod/iPhone/iPad док-станциясы**
- ③ **+ / -**
 - Дыбыс деңгейін реттейді.
- ④ **Power**
 - Құрылғыны қосу.
- ⑤ **Қуат көзінің ұяшығы**
- ⑥ **Зарядтау негізі**
- ⑦ **AUDIO IN**
 - Сыртқы дыбыс құрылғысына арналған ұя.

Қашықтан басқару құралына шолу



9 OK

- Таңдауды растаңыз.

10

- iPod/iPhone/iPad қоңдырма режимін таңдау.

1

- Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру.

2

- Bluetooth режимін таңдау
- Bluetooth құрылғысымен жұптау.

3

- Дыбыс кірісі режимін таңдау

4 Жоғары/төмен пернелері

- iPod/iPhone мәзірінде жылжу.

5 Алға/артқа жылдам айналдыру пернелері

- Бір жол немесе iPhone/iPod/iPad ішінде алға немесе артқа жылдам айналдыру.
- Алдыңғы/келесі жолға өту.

6

- Ойнатуды бастау немесе уақытша тоқтату.

7 VOL +/-

- Дыбыс деңгейін реттейді.

8 MENU

- iPod/iPhone мәзіріне кіру.

3 Жұмысты бастау



Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

Philips компаниясына хабарлассаңыз, сізден осы құрылғының үлгі және сериялық нөмірі сұралады. Үлгі және сериялық нөмірі — құрылғының астыңғы жағында. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз:

Үлгі нөмірі _____

Сериялық нөмір _____

Қашықтан басқару құралын дайындау



Ескерту

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.


Алғаш қолдану үшін:

- 1 Қашықтан басқару құралының батареясын іске қосу үшін қорғаныш тілшікті алыңыз.

Қашықтан басқару құралының батареясын ауыстыру үшін:

- 1 Батарея бөлімін ашу үшін тесікті шарикті қаламның немесе үшкір құралдың ұшымен басыңыз.
- 2 Бір CR2025 батареясын көрсетілгендей полюстерін дұрыс қаратып (+/-) салыңыз.

3 Батарея бөлімін жабыңыз.



Ескертпе

- Қашықтан басқару құралындағы қандай да бір функция түймесін басарда, алдымен негізгі құрылғымен емес, қашықтан басқару құралымен тиісті сигнал көзін таңдаңыз.
- Қашықтан басқару құралын ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, батареясын шығарып алыңыз.


Батареяны зарядтау




Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі құрылғының астыңғы жағында басылған кернеуге сәйкес екеніне көз жеткізіңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Айнымалы ток адаптерін ажыратқанда, ашаны әрқашан розеткадан суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.
- Айнымалы ток адаптерін қоспай тұрып барлық басқа байланыстарды орнатқаныңызға көз жеткізіңіз.


1 Құрылғыны зарядтау негізіне қойыңыз.




2 Айнымалы ток адаптерінің ашасын зарядтау негізінің артындағы DC IN ұшығына кіргізіңіз.



3 Айнымалы ток қуат сымының бір ұшын айнымалы ток адаптеріне жалғаңыз.



4 Айнымалы ток қуат сымының екінші ұшын розеткаға қосыңыз.



Ішкі батареяны пайдалану

Ескертпе

- Ішкі батареяны алу үшін өнімді әрдайым кәсіпқой маманға апарыңыз.

Ескерту

- Батарея дұрыс ауыстырылмаса жарылу қаупі болады. Дәл сондай немесе соған тең түрімен ауыстырыңыз.

Батарея толығымен зарядталған кезде сонымен бірге құрылғыны ішкі қайта зарядталатын батареямен пайдалануға болады.

Ескертпе

- Батареяны зарядтау үшін тек жинақпен берілген айнымалы ток адаптерін пайдаланыңыз.

Қосу

1 Негізгі құрылғыдағы Φ түймесін басыңыз.

- Пайдаланушы құрылғыға жақындағанда, негізгі құрылғыдағы дыбыс деңгейін реттеу түймесінің астындағы LED шамы автоматты түрде жанады.

ECO күту режиміне ауысу

Құрылғы мына жағдайларда күту режиміне автоматты түрде ауысады:

- DOCK режимінде: iPod/iPhone/iPad құрылғыдан ажыратылған.
- Audio-in режимінде: құрылғы 15 минуттан артық уақыт бойы музыка ойнатып жатқан жоқ.
- Bluetooth режимінде: Bluetooth құрылғысы 15 минуттан артық уақыт бойы музыка ойнатып жатқан жоқ.

Құрылғы 15 минуттан артық күту режимінде болғанда, құрылғы ECO қуат режиміне автоматты түрде ауысады.

Кеңес

- ECO/күту режимінде қашықтан басқару құралындағы Φ немесе Φ түймесін басыңыз, құрылғы тиісті таңдалған көзге ауысады.

4 Ойнату

iPod/iPhone/iPad

құрылғысынан ойнату

Осы құрылғы арқылы iPod/iPhone/iPad дыбыстарын тыңдауға болады.


Үйлесімді iPod/iPhone/iPad

Жарықтандырылатын қондырма қосқышы бар Apple iPod, iPhone және iPad үлгілері. Мыналар үшін жасалған:

- iPod nano (7-буын)
- iPod touch (5-буын)
- iPhone 5
- iPad Mini
- iPad 4

iPod/iPhone/iPad құрылғысын салу

- 1 iPod/iPhone/iPad құрылғысын қондырмаға қойыңыз.



iPod/iPhone/iPad құрылғысын алу

- 1 iPod/iPhone/iPad құрылғысын қондырмадан тартып шығарыңыз.

iPod/iPhone/iPad тыңдау

- 1 iPod/iPhone/iPad дұрыс салынғанын тексеріңіз.

- 2 Қондырма режимін таңдау үшін **Q** түймесін басыңыз.
- 3 **▶||** түймесін басыңыз.
 - ↳ Жалғанған iPod/iPhone/iPad ойнай бастайды.
 - Ойнатуды уақытша тоқтату/жалғастыру үшін **▶||** түймесін басыңыз.
 - Бір жолды өткізіп жіберу үшін, алға/артқа жылдам айналдыру пернелерін басыңыз.
 - Ойнату кезінде іздеу үшін, алға/артқа жылдам айналдыру пернелерін басып тұрып, қалыпты ойнатуды жалғастыру үшін босатыңыз.
 - Мәзірде жылжу үшін, **MENU** түймесін, содан кейін жоғары/төмен пернелерін басып таңдаңыз да, **OK** түймесін басып растаңыз. (тек iPod және iPhone үшін)

iPod/iPhone/iPad құрылғысын зарядтау

Құрылғы қуат көзіне қосылып тұрғанда, қондырылған iPod/iPhone/iPad зарядтала бастайды.

Bluetooth құрылғысынан ойнату

Bluetooth құрылғыларымен жұптау

- 1 Bluetooth көзін таңдау үшін ***** түймесін басыңыз.
 - ↳ Жұптау автоматты түрде басталады.
 - ↳ Негізгі құрылғыдағы ***** түймесінің астындағы ЖШД жылдам жапылықтайды.
- 2 Құрылғыдағы Bluetooth функциясын қосыңыз.

- 3 Құрылғымен жұптауға болатын Bluetooth құрылғыларын іздеңіз.
- 4 «PHILIPS DS8400» көрсетілгенде, байланысты бастау үшін оны таңдаңыз.
- ↳ Қос дыбыстық сигнал растауы естіледі және қосылу сәтті болса, * ЖШД тұрақты болып жанады.
 - ↳ Егер жұптауды 15 минут ішінде орындау мүмкін болмаса, * ЖШД өшеді.



Кеңес

- Егер Bluetooth құрылғысы бұрын DS8400 құрылғысымен жұпталған болса, жай ғана Bluetooth мәзірінен «PHILIPS DS8400» тауып, содан кейін байланысты растау керек.

• Bluetooth құрылғысын ажырату

- 1 Қосылған құрылғыны өшіріңіз немесе оны байланыс ауқымынан тыс жылжытыңыз.
- ↳ * ЖШД жыпылықтайды.
- Bluetooth жұптау ақпаратын өшіру
- 1 * түймесін 5 секунд басып тұрыңыз.
- ↳ Жұптау ақпараты сәтті тазаланғаннан кейін құрылғы бір рет дыбыстық сигнал шығарады.

Bluetooth құрылғыларындағы дыбыс файлдарын ойнату



Ескертпе

- Негізгі бөлік пен құрылғының арасындағы Bluetooth байланысы қосылу болуын қамтамасыз етіңіз.

- Ойнатуды бастау үшін, қашықтан басқару құралындағы ►|| түймесін басыңыз.
- Ойнатуды кідірту/жалғастыру үшін, ►|| түймесін қайтадан басыңыз.
- Жоғарғы/төменгі жолға өту үшін, алға/ артқа жылдам айналдыру пернелерін басыңыз.

Сыртқы құрылғыдан ойнату

Бұл қондырмалы динамикпен MP3 ойнатқыш сияқты сыртқы құрылғыдағы дыбысты да ойнатуға болады.



Ескертпе

- Динамикке iPod/iPhone/iPad қондырылмағанын тексеріңіз.

- 1 Дыбыс кірісі режимін таңдау үшін  түймесін басыңыз.
- 2 Жинақпен берілген дыбыс кірісі кабелін мына жерлерге жалғаңыз:
- құрылғының артындағы **AUDIO IN** ұясына (3,5 мм).
 - сыртқы құрылғыдағы құлақаспап ұясына.
- 3 Құрылғыны ойнатуды бастаңыз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

Дыбыс деңгейін реттеу

- 1 Ойнату кезінде дыбыс деңгейін жоғарылату/төмендету үшін **VOL +/-** түймесін басыңыз.

Дыбысты өшіру

- 1 Ойнату кезінде дыбысты өшіру/қосу үшін, **MUTE** түймесін басыңыз.

5 Өнім туралы ақпарат



Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты	2 X15 Вт ОКМ
Шу коэффициентіне сигнал	65 дБА
Дыбыс кірісі байланысы	0,6 В ОКМ 10 кОм

Жалпы ақпарат

Айнымалы ток қуаты (қуат адаптері)	ОН-1065A1803500U2 Кіріс: 100-240В~, 50/60Гц, 1,5А МАКС; Шығыс: 18В --- 3,5А;
Жұмыс үшін қуат тұтынуы	<60Вт
ЕСО күту режимінде қуатты тұтыну	<0,5 Вт
Мөлшері	
- Негізгі құрылғы (Е x Б x Қ)	443,9 x 166,7 x 180,3 мм
-Зарядтау негізі (диаметрі x биіктігі)	96,3 x 19,5 мм
Салмағы	
- Негізгі құрылғы	2,22 кг

Bluetooth

Жиілік жолағы	2,4000 ГГц - 2,4835 ГГц ISM жолағы
Ауқымы	8 метр (бос кеңістік)
Стандарты	Bluetooth 2.1 + EDR

6 Ақаулықтарды жою



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз.

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде проблемалар орын алса, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-торабына (www.philips.com/welcome) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

Қуат жоқ

- Құрылғының айнаымалы ток қуат штепселінің дұрыс қосылуын қамтамасыз етіңіз.
- АТ розеткасында қуат болуын қамтамасыз етіңіз.

Дыбыс жоқ

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.

Құрылғыдан жауап жоқ

- Айнаымалы ток қуат штепселін ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін жүйені қайтадан қосыңыз.

Bluetooth функциясы қосылған құрылғымен байланыс орнағаннан кейін дыбыс сапасы нашар.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны жүйеге жақындатыңыз немесе құрылғы мен жүйенің арасындағы қандай да бір кедергіні алып тастаңыз.

Жүйеге қосылу мүмкін емес.

- Құрылғы жүйеге қажетті профильдерді қолдамайды.
- Құрылғының Bluetooth функциясы қосылмаған. Функцияны қосу жолдарын құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- Жүйе жұптау режимінде емес.
- Жүйе басқа бір Bluetooth функциясы қосылған құрылғымен жұпталып қойған. Сол құрылғыны немесе барлық басқа жалғанған құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Жұпталған құрылғы тұрақты қосылып, ажырайды.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны жүйеге жақындатыңыз немесе құрылғы мен жүйенің арасындағы қандай да бір кедергіні алып тастаңыз.
- Кейбір құрылғыларда Bluetooth байланысы қуатты үнемдеу мүмкіндігі ретінде автоматты түрде өшуі мүмкін. Бұл жүйенің жұмысы бұзылғанын білдірмейді.

Bluetooth құрылғысы туралы

Bluetooth байланысы тіпті сәтті орнағаннан кейін де жүйеде музыка ойнату мүмкін емес.

- Құрылғыны жүйемен музыка ойнату үшін қолдануға болмайды.



Specifications are subject to change without notice

2013 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.

This product was brought to the market by WOOX Innovations Limited or one of its affiliates, further referred to in this document as WOOX Innovations, and is the manufacturer of the product. WOOX Innovations is the warrantor in relation to the product with which this booklet was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V."

DS8400_10_UM_V3.0

